

"2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы"

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 24/247 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қаңтарда № 2596 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 21/304 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2567 болып тіркелген) шешіміне сәйкес Қарақия аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 10 487 906,0 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 8 236 589,6 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 27 319,4 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 37 177,0 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша – 2 186 820,0 мың теңге;
- 2) шығындар – 10 645 426,3 мың теңге.
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 90 270,0 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 111 761,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 21 491,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 247 790,3 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 247 790,3 мың теңге;
- қарыздар түсімі – 110 001,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 21 491,0 мың теңге;
бюджет қаражатының
пайдаланатын қалдықтары – 159 280,3 мың теңге.

Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 14.12.2015 № 30/313 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Аудандық бюджетте 2015 жылға республикалық бюджеттен төмендегідей ағымдағы нысаналы трансферттер, нысаналы даму трансферттері, бюджеттік кредиттер және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферті есебінен қаражаттың бөлінгені қаперге алынсын:

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға;

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемақы төлеуге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге төленетін еңбекақы деңгейін арттыруға;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге;

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға.

Ескерту. 2 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 25/259 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Облыстық бюджетке аудару үшін 2015 жылға аудандық бюджетте 3 096 015 мың теңге бюджеттік алулар қаралғандығы ескерілсін.

4. Әлеуметтік көмектерді келесідей мөлшерде белгілеуге құқық берілсін:

1) 22 наурыз – Наурыз мерекесі:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көп балалы аналар немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежедегі "Ана даңқы" орденімен марапатталғандарға – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш";

2) 1986 жыл 26 сәуір – Чернобыльдағы атом электр станциясы (бұдан әрі – АЭС) апат күні:

Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушы мүгедектерге - 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

1986-1987 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушыларға - 50 (

елу) айлық есептік көрсеткіш;

1988-1989 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушыларға - 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш;

3) 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

4) 9 мамыр – Жеңіс күні:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға (Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою салдарынан мүгедек болған тұлғалардан басқа) - 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға (1986-1987 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа) - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға (1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа) - 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш;

Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Чернобыльдағы АЭС апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыльдағы АЭС апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің

әйеліне (еріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын әрекет жасаушылардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына" белгісімен марапатталған азаматтардың, жалпы сырқаттанудың, еңбекте мертігудің және басқа да себептердің (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылғандардың екінші рет некеге отырмаған әйеліне (еріне) – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жан қиярлық еңбегі үшін мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш ;

Тәжік-ауған шекарасындағы жауынгерлік іс-қимылдарына қатысушыларына - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай Батыр қалаларға және әскери Даңқ қалаларына, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағындағы шайқас болған жерлерге, сонымен бірге қазақстандық жауынгерлер жерленген жерлерге бару үшін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан майдангерлердің отбасы мүшелерін - әр адамға 150 000 (бір жүз елу мың) теңгеден артық емес мөлшерде біржолғы қаржылай көмек көрсетілуін қамтамасыз ету.

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендер қатарына жататын азаматтарға – 20 000 (жиырма мың) теңге;

5) 1 маусым – Балаларды қорғау күні:

он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

6) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:

асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға (балаларға) жылына бір рет - 8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш;

Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға жылына бір рет - 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

Маңғыстау облысына сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған тұлғалар, "Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алмайтын санатындағы тұлғаларға жылына бір рет - 36 (отыз алты) айлық есептік көрсеткіш;

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек

балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

7) 1 қазан - Халықаралық қарттар күні:

жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және 70 (жетпіс) жастан жоғары зейнеткерлерге - 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш.";

8) 6 қазан - Қазақстан Республикасының мүгедектер күні:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

9) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

10) Он сегіз жасқа дейінгі үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға әлеуметтік көмек білім беру кезеңіне табыстарын есепке алмай, ай сайын – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

11) Әлеуметтік көмек: онкологиялық ауруымен ауыратын және иммун тапшылығын жұқтырған адамдарға өтініштері бойынша табыстарын есепке алмай жылына бір рет 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш және мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымынан шыққандарға өтініштері бойынша табыстарын есепке алмай тоқсан сайын 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш.

12) Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілген тұлғаларға есепке алмай әлеуметтік көмек, өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап 6 айдан кешіктірілмей жылына бір рет – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

13) Өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге, емделуге, дәрі-дәрмек алуға, отбасының бір мүшесі қайтыс болуына байланысты әлеуметтік көмек жылына бір рет көрсетіледі. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілген әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Шекті шама 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек.

14) Ауылдық елді-мекендерде орналасқан білім беру, денсаулық сақтау, агроөнеркәсіптік кешен, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт мекемелерін, мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында өңірге қажет мамандықтар бойынша білім алушы, Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалавр академиялық және интернатура дәрежесін алу үшін студенттерге оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек жергілікті

бюджет қаражаты есебінен ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жылына бір рет, білім беру ұйымдарына оқуды төлеуге арналған нақты шығындар бойынша және ай сайын бөліп төлеу арқылы жабатын тамақтану мен тұру шығындарына 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және өтініш жасалған айдың алдындағы соңғы 12 айда жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша белгіленген 1,5 (бір жарым) еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасыларына (бала кезден мүгедектер, мүгедек студенттер, тұлдыр жетімдер мен балалар үйінің және балалар ауылының тәрбиеленушілерінен басқа), келесі санаттағы тұлғаларға:

ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болуы;

жасы бойынша ата-анасының екеуі де зейнеткер болуы;

ата-анасының біреуі қайтыс болуы;

бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейінгі балалары (бірақ, әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін) бар отбасылар.

Ескерту. 4 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 25/259(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.06.2015 № 27/284(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен белгіленеді.

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды.

6. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған 2015 жылға арналған аудандық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламасының тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. 2015 жылға секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламасының тізбесі 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарақия аудандық мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия

төрағасы Е.Есенқосов).

9. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімнің мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қарақия аудандық мәслихатының интернет - ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

10. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

11. Жергілікті атқарушы органының резерві 8532,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 11 - тармақпен толықтырылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 25/259 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 27/284(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 29/296 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Сессия төрағасы
Аудандық
мәслихаттың хатшысы

Н.ЧелееваА.Мееров

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарақия аудандық экономика
және қаржы бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
Әбдіхалықова Алия Жұмабайқызы
29 желтоқсан 2014 жыл

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы
29 желтоқсандағы № 24/247 шешіміне
1 қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1 - қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 14.12.2015 № 30/313 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Сан	сын . сын	Ішк А Т А У Ы	Сомасы , мың теңге
1		2	3
		І. К І Р І С Т Е Р	10 487 906,0
1		САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	8 236 589,6
	01	Табыс салығы	506 570,6
	2	Жеке табыс салығы	506 570,6
	03	Әлеуметтік салық	335 054,0

	1	Әлеуметтік салық	3 35 054,0
04		Меншікке салынатын салықтар	7 294 646,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	7 128 221,0
	3	Жер салығы	1 24 472,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 1 274,0
	5	Бірынғай жер салығы	679,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	9 5 566,0
	2	Акциздер	3 250,0
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8 0 805,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 1 321,0
	5	Ойын бизнесіне салық	190,0
07		Басқа да салықтар	79,0
	1	Басқа да салықтар	79,0
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 674,0
	1	Мемлекеттік баж	4 674,0
2		САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	2 7 319,4
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 790,4
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таха кірісі бөлігінің түсімдері	26,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 735,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	29,4
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санциялар өндіріп алулар	1 704,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санциялар, өндіріп алулар	1 704,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 1 825,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 1 825,0
3		НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	3 7 177,0
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 885,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 885,0
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	3 4 292,0

	1	Жерді сату	3 4 292,0
4		ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	2 186 820,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 186 820,0
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 186 820,0

Фтоп	Әкімші Бағ	А Т А У Ы	Сомасы , мың теңге
	1	2	3
		2. ШЫҒЫНДАР	10 645 426,3
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 34 627,0
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	1 7 700,0
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 7 340,0
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 21 996,0
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 19 996,0
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 000,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 27 189,0
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 24 039,0
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 150,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 9 908,0
		001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 1 908,0
		067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және күрделі ұйымдарының күрделі шығыстары	1 8 000,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 9 290,0
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 6 641,0
		003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	638,0
		010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	911,0
		015 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және	

466		құрылыс бөлімі	8 116,8
	040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	8 116,8
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	427,2
	040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	427,2
02		Қорғаныс	995,0
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	995,0
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	995,0
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	9 103,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	5 350,0
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	5 350,0
499		Ауданның(облыстық маңызы бар қаланың) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	3 753,0
	001	Жергілікті деңгейде азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 248,0
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	505,0
04		Білім беру	4 101 010,0
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 26 102,0
	004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	3 65 352,0
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	1 60 750,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 157 168,0
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 5 392,0
	003	Жалпы білім беру	1 860 781,0
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	3 8 755,0
	006	Балаларға қосымша білім беру	9 2 202,0
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	3 637,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	7 346,0
	012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 760,0
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға(қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	3 474,0
	022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	0,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	1 8 335,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 01 486,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	4 9 884,0

	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	4 9 884,0
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 361 394,4
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 361 394,4
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	6 461,6
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	6 461,6
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	3 66 988,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 713,0
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	6 713,0
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	3 60 102,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 1 372,0
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	9 4 137,0
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	1 9 566,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 6 911,0
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	46,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	1 71 394,0
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	2 438,0
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	900,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1 4 488,0
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	6 246,0
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	9 489,0
	025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	0,0
	052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	3 115,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	173,0
	050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	173,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 021 145,0
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 51 620,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 70 936,0

	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 76 761,0
	027	Жұмыспен қамту-2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	3 923,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 41 582,0
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	4 800,0
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	1 9 000,0
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	8 4 478,0
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 5 000,0
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	9 500,0
	028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	7 824,0
	041	Жұмыспен қамту-2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	980,0
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 165 012,7
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	3 6 995,8
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	5 350,0
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1 121 296,9
	091	Жұмыспен қамту -2020 жол картасының екінші бағыты шеңберінде қатысушылар іске асырып жатқан жобалар үшін жабдықтар сатып алу	1 370,0
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	3 62 930,3
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	4 941,2
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	4 347,0
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	3 53 642,1
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	2 60 272,0
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 03 180,0
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	1 03 180,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 7 116,0
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 531,0
	005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	3 303,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 499,0
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	5 783,0
802		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	8 0 321,0

	001	Жергілікті деңгейде мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 516,0
	004	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	1 2 230,0
	006	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	5 3 459,0
	007	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 514,0
	008	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	2 602,0
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	8 550,0
	008	Спорт және туризм объектілерін дамыту	8 550,0
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	450,0
	008	Спорт объектілерін дамыту	450,0
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	2 7 233,0
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 366,0
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
	004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	6 492,0
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	1 2 375,0
470		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі	2 3 422,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік оптимизімін қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 3 853,0
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0
	004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	9 369,0
9		Жылу энергетикалық жүйе	2 5 350,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 5 350,0
	019	Жылу энергетикалық жүйені дамыту	2 5 350,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	9 6 157,0
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 9 016,0
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	1 9 016,0
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	1 4 117,0
	001	Аудан (областық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 4 117,0
474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	6 3 024,0
		Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы	

	001	мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 3 024,0
